

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jylǵan bastap shyǵady beisenbi, 18 jeltoqsan 2025 jyl №50 (11 195)

Инвестицияға бастар жол

ҚЫТАЙДЫҢ ҮРІМШІ АЙМАҒЫ МЕН ҚАРАҒАНДЫ АРАСЫНДА АЛТЫН КӨПІР ОРНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев шетел инвестициясын тарту жаңа жұмыс орындарын ашуға және ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін бірнеше мәрте атап өткен болатын. Бүгінгі жаһандану үдерісі қарқын алған кезеңде инвестиция тарту мәселесі әлем елдері арасында басты бәсекелестік алаңына айналып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, ірі инвесторларды тарту, сондай-ақ, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту көршілес мемлекеттермен берік әріптестік пен өзара тиімді ынтымақтастыққа тікелей байланысты. Әлемнің дамушы елдері ғана емес, экономикалық қуатты АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінің өзі де инвестиция тартуға айрықша мән беріп отыр.

Сырт елдерге инвестиция салу бағытында Қытай Халық Республикасы Қазақстанның ең ірі әрі сенімді сауда-экономикалық серіктестерінің бірі. Екі ел басшылары арасындағы келісімдер нәтижесінде сауда-саттық пен инвестициялық байланыстар жылдан-жылға нығайып келеді. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану өңірлердің экономикалық әлеуетін арттырудың маңызды тетігі саналады.

Жуырда Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаевтың бас-тамасымен қала, аудан әкімдері мен кәсіпкерлерден құралған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып қайтты. Делегация құрамында Шет ауданының әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров та болды.

Айта кету керек, бүгінде Қытайдың көптеген өңірі дербес сауда моделіне көшкен. Яғни, өңірлер мен қалалар өздерінің сатып алу жоспарларын қалыптастырып, шетелдік тауар өндірушілермен тікелей жұмыс жүргізуде. Қазақстан өңірлері арасында бұл жүйені алғашқылардың бірі болып Қарағанды облысы қолға алып отыр.

Сапар барысында делегация Бейжін, Цзинань (Шаньдун провинциясы), Таншань (Хэбэй провинциясы) қалаларында, сондай-ақ, Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы - Үрімші қаласында болып, жергілікті билік өкілдерімен және ірі бизнес құрылымдарымен кездесулер өткізді. Ке-



ліссөздер нәтижесінде бірқатар екіжақты келісімдерге қол қойылып, өндірістік және логистикалық нысандардың жұмысымен танысу жүзеге асты.

Сонымен қатар, Үрімші қаласында Қарағанды облысының арнайы өкілдігі ашылды. Өкілдіктің негізгі міндеті - Қытай инвесторларын сүйемел-

нологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаластықтар болды. Атап айтқанда, Үрімшіде энергетикалық жобаны Шахтинск қаласында жана ЖЭО салу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ, көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылды. Тараптар Қарағанды мен



деу, өңір кәсіпкерлерінің Қытай нарығына шығуына қолдау көрсету, жергілікті өнімдерді ілгерілету, сондай-ақ, B2B форматындағы іскерлік кездесулер мен келіссөздерді ұйымдастыру. Бұл кеңсе бірлескен жобаларды жүзеге асыру барысында әкімшілік және коммуникациялық кедергілерді айтарлықтай қысқартып деп күтілуде.

Аталған өкілдік Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің Қытай нарығына шығуына және жаңа инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Кеңседе туындаған мәселелерді жедел шешуге жауапты өңір өкілі жұмыс істейді. Толық ақпаратты инвесторларға қызмет көрсету орталығынан +7 702 007 66 61 нөмірі арқылы алуға болады.

Келіссөздердің нәтижесі бойынша энергетика, машина жасау, металлургия, логистика, авиация және экологиялық тех-

Үрімші арасында жолаушылар мен жүктерді тасымалдау үшін тікелей әуе қатынасын іске қосуды талқылады. Сондай-ақ, экспорттық-логистикалық бағытты дамыту үшін Қарағанды әуежайының жүк-терминалын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.

Цзинань қаласында Қарағанды облысында автокомпоненттер өндіру желісін іске қосу, сервистік орталық пен қосалқы бөлшектер қоймасын құру жөнінде ниет туралы келісімге қол қойылды. Ал Таншань қаласында кабельдік зауыт салу жөніндегі меморандум жасалды. Бұл жоба өңірдің инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, Қарағанды мен Таншань қалалары арасында экономикалық, білім беру және мәдени байланыстарды дамытуға арналған меморандум бекітілді.

Аталған бастамалар Қарағанды облысы мен оның қала-аудандарының Қытай аумағындағы өңірлік қатысуының жаңа стандартын қалыптастырады. Яғни, өңірлік экспорт енді дербес стратегиялық міндетке айналып отыр. Бұл өз кезегінде қытайлық серіктестерге сапалы инвестициялық жобаларды ұсынуға және шетелдік инвесторлардың өңірді тікелей таңдауға мүмкіндік береді.

Аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров сапар барысында алған әсерімен бөлісе отырып, Түркістан облысындағы шағын және орта бизнестің қарқынды дамуын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағытта Шет ауданында да жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Сондай-ақ, Қытай еліндегі өндіріс пен кәсіпкерлік саласының жоғары деңгейде дамығанын, төртіп пен жауапкершілікке баса мән берілетінін жеткізді.

- Зауыттарда болып, өндіріс үдерісін көзбен көрдік. Үлкен әсер алдық. Үрімшіде Қарағанды облысының өкілдігі ашы-

луы - бірлескен жобаларды жүзеге асыруға зор мүмкіндік. Алдағы уақытта ауданымыздан азаматтарды Қытайға жіберіп, тәжірибе алмасуды жоспарлап отырмыз. Әсіресе, өндіріс пен кәсіпкерлік саласында үйренеріміз көп, - деді аудан басшысы.

Айта кетейік, Қытайға сапар алдында қарағандылық делегация Түркістан қаласында болып, шағын және орта бизнес нысандарының жұмысымен танысқан болатын. Түркістан облысы бұл бағытта еліміздегі көшбасшы өңірлердің бірі саналады.

Қорыта айтқанда, аталған іссапарлар мен келісімдер өңірлер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтып, болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға тың серпін беретіні сөзсіз

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.



*Құрметті әсерлестер!
Қадірменді аудан
тұрғындары!*

Сіздерді мемлекетіміздегі мәртебесі биік, маңызы айрықша бүгінгі Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ата-бабаларымыздың аңызы ақиқатқа, арманы шындыққа айналған бұл күн әрбір азамат үшін қасиетті де қастерлі саналады. Бұл күні біз азаттықтың аралы ақ таның сыйлаған аға-апалардың рухына тағзым жасап, құран бағыштаймыз. Еңселі ерлеріміз бен қайраткер қыздарымыздың ерен істері, елі мен жерін сүйген перзенттік махаббаттары мәңгі ел жүрегінде.

Тәуелсіздік жылдары біздің еліміз әлемдік қауымдастықта лайықты орнын алып, нәтижелі істерді жүзеге асырды. Тәуелсіз еліміздің нығайуы экономиканың дамуына тікелей байланысты болды. Осындай маңызды іске біздің ауданымыздың тұрғындары да өзінің үлесін қосты.

Жыл өткен сайын төуер Тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктеп, тарихи тұлғаларымыздың бітім болмысы айшықтала берсін.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге көл-көсір табыс тілейміз!

Ауданымыздың әлеуеті артып, өңіріміз өркендеп, Тәуелсіз еліміз гүлдене берсін!

М.МҰХТАРОВ,
Шет ауданының әкімі.

САЯТ СОЦИАЛ,
аудандық мәслихат
төрағасы.

Жаңашыл ұстаз - жарқын болашақ!

САПАЛЫ БІЛІМ - КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Жақында аудандық білім бөлімінің басшысы Раушан Бекайдарқызының бастамасымен, бөлім әдіскерлерінің ұйымдастыруымен «Сапалы білім - кемел келешек кепілі: жана кезеңдегі жауапкершілік серпін» атты ауқымды форум жоғары деңгейде өтті.

Аудан ұстаздарының басын қосқан форум сағат 10.00-де басталып, кешке дейін маңызды 8 іс - шара өтті. Ашылуында білім бөлімінің әдіскері Айжан Карбайқызы сәттілік тілеп, игі бастамаға оң бағыт берді.

Әр сабақ 40 минуттан өтті. Көтеріңкі көңіл күймен басталған алғашқы сабақ



қоржынға құнды материалдар жинақтадық.

Атап айтқанда, Балауса Кеңесқызы Telegram арқылы ҚМЖ-ны жүктеп, тексеріп, сабаққа дайындықты анықтауға мүмкіндік беретін ЖИ-ға негізделген өз авторлық жобасымен бөлісті. Бұл - ауыл мұғалімінің де заман көшінен қалмай, жаңашыл бағытта жұмыс істеп келе жатқанының айқын дәлелі.

Топ жетекшісі ретінде әр кезеңде қолдау көрсеткен Баян Қуанышқызына да ерекше алғыс білдіреміз.

Осындай мазмұнды семинар-форумдар жиі өтіп тұрса, сапалы білім беруге үлес қосатын жаңашыл ойлар мен әдістеп одан әрі көбейетіні сөзсіз.

Сапалы білімді ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі.

Жайнагүл МҰҚАШЕВА,
Ж.Алтайбаев негізгі орта мектебінің директоры.



күннің соңына дейін энергияны жоғалтпай, шаралардың тез әрі тиімді өтуіне ықпал етті. Спикерлер сабақтарды мазмұнды, түсінікті әрі түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өте қызықты өткізе білді. Кәсіби

Дәріс оқып, тәжірибесімен бөліскен Дат Бақтығалиұлына, Гүлдария Әйкенқызына, Балауса Кеңесқызына, Айнұр Болатқызына, Денис Владимирович және Алмаш, Гүлжазира, Гүлжан әріптестерімізге рақмет айтамыз.

“Бір ел - бір кітап” акциясы

ӨРІСІН ТАПҚАН ТАЛАНТ

Қазақстанда “ Бір ел - бір кітап” республикалық акциясы жылма жыл ұйымдастырылып келе жатқан танымалдыққа ие жоба. Жақында аудандық балалар кітапханасында «Бір ел-бір кітап 2025» республикалық акциясы аясында ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, әдебиет сыншысы, аудармашы Төкен Әлімқұловтың «Өрісін тапқан талант» шығармасына арналған интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - қазақ әдебиетін насихаттау, өскелең ұрпақтың зияткерлік рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру, оқырмандарды қаламгердің өмірі мен шығармашылық мұрасымен таныстыру, жасөспірімдердің әдебиетке деген қызығушылығын арттыру болып табыла-лафффффффды. Төкен Әлімқұловтың шығармалары ел психологиясының тендендігін, дәстүрлі мәдениеттің эпикалық кендігін, қоғамның дамуы үшін маңызды тарихи оқиғаларды бейнелейді. Ол кісі нағыз ұлы шығармаларды жасаған эпикалық прозаның шебері болған.

Іс-шара барысында кітапханашылар Төкен Әлімқұловтың өмірбаяны мен әдеби мұрасына тоқталып, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі кенінен баяндалды. Ойын кезеңдері «Сұрақтар керуені», «Суретті сегіздік» сияқты танымдық тапсырмалармен жалғасын тауып, қатысушы-



лардың білімін шыңдауға бағытталды.

Сонымен қатар шара барысында кітапхана қызметкерлері жазушы еңбектерінен дайындалған кітап көрмесін таныстырды. «Талант тұғыры», «Әдеби әлемге сапар» атты бөлімдерден тұратын көрмеде Төкен Әлімқұловтың шығармалары, оның замандастары мен зерттеушілерінің еңбектері қойылып, оқырмандарға мол мағлұмат ұсынылды. Қатысушылар көрме материалдарымен танысып, өздеріне жана деректер алып, жазушының шығармашылық болмысына тереңірек үңілуге мүмкіндік алды.

Шара соңында кітапхана қызметкерлері жас оқырмандарды қазақ әдебиетінің алтын қорын насихаттауға

арналған алдағы жобаларға қатысуға шақырып, кітап оқудың адам тұлғасын қалыптастырудағы орны мен маңызына тоқталды. Осындай мазмұнды кездесулер балалардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың өз ойын еркін жеткізе алуына, жаңаша ойлауға және мәдениетті сөйлеуге баулитыны атап өтілді.

Әдеби шара жас оқырмандардың танымын кеңейтіп, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етті.

Арайлым ҚОЙШЫБАЕВА,
аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.

Қоғамдық тыңдау

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қараоба-2005» ЖШС ашық жиналыс түрінде **«ҚР Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» Нормативтік құжаттар: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Шығарындыларды нормалау жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары** бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 28.01.2026 ж. сағат 12.00-де Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев а.о., Қызылтау ауылының Әкімшілік ғимаратында өткізіледі.

<https://us06web.zoom.us/j/86042678522?pwd=1Jvug8sxU2xdUau2f5Cbz4EITCEVNS.1> Конференция идентифика- торы: 860 4267 8522, кіру коды 028 877.

Көзделіп отырған қызметтің бастамасын «Қараоба-2005» ЖШС, ЖСН 040940001710, Заңы мекен-жайы М06Е9К3, ҚР, Қарағанды қ., Қазыбек Би ауданы, Степной-2 ш.а., 6/1 ғим, 207 кеңсе.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366, 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады. Мекен-жайы: ҚР, 100008, Қарағанды қ., Лобода көш., 20 үй. E-mail: expertiza_upr.krg@mail.ru

Барлық ақпаратты мына байланыс телефондарынан алуға болады: : 8(727) 376-60-62, info@2k.kz, «Два Кей» ЖШС, +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99.

Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «Қараоба-2005», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по **Нормативным материалам: Раздел охраны окружающей среды, Проект Нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды к «Плану горных работ на разработку техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагиндинской области РК».**

Место и время проведения, а также ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM для всех заинтересованных сторон: **28.01.2026 г. в 12.00 час.,** в Шетском районе, с.о Карима Мынбаева, с.Кызылтау, в здании Акимата села <https://us06web.zoom.us/j/86042678522?pwd=1Jvug8sxU2xdUau2f5Cbz4EITCEVNS.1>

Идентификатор конференции: 860 4267 8522. Код доступа: 028 877.

Инициатор деятельности: ОО «Қараоба-2005», БИН 040940001710, Юр. адрес: М06Е9К3, РК, г.Караганда, район им.Казыбек Би, Мкр, Степной-2, стр. 6/1, оф.207.

Составитель проекта: ОО «Два Кей», РК, г. Алматы, ул.Жарокова, 314 «А», т/

факс +7 (727) 339 36 01, e-mail: info@2k.kz, БИН 031240001366. (Лицензия №01919Р от 28.04.2017 г., выданная РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля МЭРК»).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагиндинской области», адрес: РК, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20. E-mail: expertiza_upr.krg@mail.ru.

Всю информацию можно получить по следующим контактам: 8(727) 376-60-62, info@2k.kz, ОО «Два Кей», +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагиндинской области».